

# Ұлыс оң болсын!

**Аудан әкімі Маманбаев Ғалымжан Қанатұлының**

**мерекелік құттықтауы**

**Ардақты ағайын, қадірменді жерлестер!**

Жер дүниені жасандырып, тіршілік атаулыны тірілтіп, өз Наурыз мерекесі де келіп жетті. Бар жақсылықтың бастау бұлағы саналатын осынау күнді ата-бабаларымыз сонау есте жоқ ескі заманнан жыл басы санапты. Наурыз табиғаттың оянуы мен көгілдір көктемнің келуінің белгісі. Ұлыс күні барша жан бір-біріне жылылық пен мейірімділікке толы ақ тілектер айтып, барлық реніштер мен өкпе-назды ұмытып, Жаңа жылды, Жаңа күнді ақ пейіл, таза жүрекпен бастауға ұмтылады.

Ұлтымызды ұйыстырып, елімізде тұратын барша ұлттар мен ұлыстарды береке мен бірлікке

үндейтін Наурыз мерекесі биыл онкүндік аясында айрықша атап өтіліп, құндылықтарымыз қастерленіп, адамгершілік, қайырымдылық, сыйластық сынды асыл қасиеттер паш етілді.

Сондықтан осындай атаулы мейрамның кез келген мерекеден орны ерекше саналады. Халық сенімі бойынша бұл күнде айтылған ақ тілектер қабыл болады екен. Ендеше, баршамыз бір-бірімізге бақ пен береке, ырыс пен ырзық тілейік. Ұлыстың Ұлы күні әрбір жанұяға жақсылығын, толағай табысы мен баянды бақытын әкелсін!

**Ұлыс оң, ақ мол, мерекелеріңіз мерейлі болсын!**

# Наурыз



# САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• [www.sarkan-gazeta.kz](http://www.sarkan-gazeta.kz)

• e-mail: [Igiman01@mail.ru](mailto:Igiman01@mail.ru)

• №12 (9566) 22 наурыз 2024 ж.

## «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс»



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Атырау қаласында Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өтті. Ел Президенті биылғы Құрылтайдың Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен және Ораза айымен орайлас келгеніне ерекше тоқталды.**



«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» тақырыбымен өткен Құрылтай елдіктің, ұлттық құндылықтар мен мемлекеттің өзегі болған ойлардың тоғысқан сәті болды. Алғашқы күні ел мен жердің амандығын, мемлекет іргесінің беріктігін сөз еткен құрылтай мүшелері бірнеше сессияға бөлініп, салалардың жұмысына қажетті тетіктерді талқылады. Екінші күні мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кең көлемде баяндама жасап, ұлтты толғандырған мәселелер мен ұрпақ келешегіне алаңдаған келелі ойларды кеңінен сөз етті.

Алғашқы отырыс ұлт ұясы Ұлытау жерінде өтсе, былтыр киелі Түркістанда жиналды. Бүгін тағы бір тарихи өлке – Атырау облысына келіп отырмыз. Үшінші отырыстың Жайық жағасында өтіп жатқаны тегін емес. Әйгілі Сарайшық қаласы осы жерге тиіп тұр. Бұл шаһар Ұлық ұлыстың, кейін Қазақ хандығының маңызды әкімшілік және сауда орталығы болғаны тарихтан белгілі. Ұлы Жібек Жолының бойында тұрған қала бір кездері айрықша геостратегиялық рөл атқарған. Батыс пен Шығыстың экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынасына ерекше ықпал еткен. Атақты хандарымыз осы жерге ордасын тігіп, ел билеген. Бірқатары Сарайшықта мәңгілік мекенін тапқан. Тарихшылардың пайымдауынша, Қазақ хандығын қуатты мемлекетке

айналдырған Қасым хан осында жерленген. Бір сөзбен айтсақ, Сарайшық – төл шежіремізде айрықша орны бар киелі шаһар, - деп бастады сөзін Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Баяндамада атап көрсетілгендей ертеде өткен оқиғаларға, белгілі бір тұлғаларға қатысты талқылау көбейіп барады. Қаламгерлеріміз, тіпті, Шыңғыс ханның тегі кім деп, айтысып-тартысып жататын болды. Кеңес заманындағы тұлғаларды, әсіресе, Алаш көсемдері мен Кеңес қайраткерлерін салыстырып, бір-біріне қарсы қояды. Дәл осындай сөз тартыстарының ақиқатына жету қиын, жеткеннің өзінде ел ішіне іріткі салатын мұндай дау-дамайдың еш қажеті жоқ. Әр дәуірдің өз ерекшелігі бар. Әрбір тұлға өзінің көзқарасына, дүниетанымына қарай және өз қоғамының мүддесіне сәйкес елге қызмет етті.

Мемлекет Басшысы нақты атап көрсеткендей соңғы кезде ата-бабасының, жерлесінің есімін ұлықтауды сұрап, ұжымдық хат жазу әдетке айналып барады. Атасына ескерткіш қоюды, көшеге атын беруді өтінетіндер көбейді. Бұл – жағымсыз жағдай. Мұндай ұстанымдар еліміздің біртұтас идеологиялық кеңістігіне зиян келтіреді. Ұрпақ тәрбиесіне кесірін тигізеді.

Әдеттегідей осы басқосуда да тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу

мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала беретіндігі айтылды. Бұл – біз үшін мызғымас ұстаным. Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық. Қазір ірі кітап дүкендерінде қазақ тіліндегі туындылардың үлесі арта түсті. Соңғы кезде баспагерлердің жаңа буыны әлемдік бестселлерге айналған шығармаларды аударып жүр. Көптеген кітаптарды шығарып жатыр. Аударылған кітаптардың ішінде көркем әдебиет қана емес, іскерлік бағыттағы туындылар да көп. Мемлекеттік саясаттың мәні – осында.

Ешкімді мәжбүрлемей, күнделікті өмірдегі қажеттілікті арттыру арқылы тіліміздің тұғырын нығайта береміз. Мемлекеттік тілге қатысты құр сөзден ештеңе шықпайды. Ең бастысы, нақты іс болуы керек. Осы тұста, халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» туралы ерекше атап өткім келеді. Қазір Ұлттық құрылтайдың мүшесі Рауан Кенжеханұлы бастаған жаңа буын өкілдері ұйым тізгінін қолға алды. Мен қоғамның «Qazaq tilі» эндаумент қорын құру туралы ұсынысын қолдадым. Осы жақсы бастаманы қолында қаржысы бар азаматтар жалғастырып өкертті. Тілімізге қамқорлық танытқан жандарға ерекше ризашылығымды білдіремін.

Қалталы, жанашыр азаматтар қорды ұлғайтуға үлес қосады деп сенемін.

Мен экономиканы дамыту үшін «Креативті индустрияның» мән-маңызы зор екенін үнемі айтып жүрмін. Бұл мемлекеттік тілдің болашағы үшін де өте маңызды. Қазақ тілін дамытамыз десек, қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерді барынша тиімді пайдаланған дұрыс. Тек ақпараттық технологияның пайдалы жағын алып, зиянды жағынан сақ болған жөн. Ашығын айтсақ, интернетті талғамсыз пайдалану бала тәрбиесіне теріс ықпал етіп жатыр. Бұл – өкінішке қарай, ақиқат. Балалар түгілі, ата-аналар да әлеуметтік желідегі мағынасыз контентке тым әуес.

Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Тоқсаныншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылды. Соңғы жылдары жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатыр.

Біз болашаққа сеніммен қадам басу үшін төл тарихымыздың ауқымы кең екенін толық сезініп, мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз қажет. Қазақстан – Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің тікелей мұрагері. Жер жүзіне Алтын Орда деген атпен танылған әйгілі Жошы Ұлысы Орталық Еуразияның байтақ даласындағы ең қуатты мемлекет ретінде мойындалған. Осы ортағасырлық державаның геосаяси мұрасы бірқатар Еуразия мемлекетінің, соның ішінде Қазақ хандығының құрылуына негіз болды. Ұлық Ұлыстың жерінде сан алуан этнос және дін өкілдері бір шаңырақтың астында өмір сүрді. Түрлі мәдениеттер өзара астасып, мемлекет құру ісінің бірегей үлгісі қалыптасты, - деп Ел Президенті Жошы әулетінің 6 ғасыр бойы Орталық Еуразияның тағдырына тікелей ықпал еткенін, биыл Жошы ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл толғанын атап өтті. Құрылтай осы мерейлі белеске тұспа-тұс келіп отыр. Мұның зор символдық мәні бар.

Қазір Қазақстанның жеті томдық жаңа академиялық тарихын жазу үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Оған 250-ден астам ғалым, соның ішінде 60 шетелдік маман жұмылдырылды. Академиялық басылымның осындай үлгісін әзірлеу тәжірибесінде алғаш рет Жошы ұлысына жеке том арналмақ.

(Жалғасы 2-бетте).



# «Ағал ағам – Ағал еңбек – Ағал табыс»

(Соңы. Басы 1-бетте).

-Ендігі мәселе – ұлттық бірегейлігімізді нығайту. Мен «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатымда Ұлыстың ұлы күнін бүкіл ел болып жаңаша атап өтетінімізді айттым. Жақында осыған байланысты арнайы тұжырымдама қабылданды. Әрине, бүкіл әлем жұртшылығымен бірге қарсы алатын Жаңа жыл мерекесінен бас тартпаймыз. Бірақ Өз Наурыздың мәртебесін көтеріп, мазмұнын байыта түсеміз,-деген Мемлекет Басшысы дүниеге ақыл-парасатпен қарау және еркін ойлау секілді ханафизмге тән қасиеттер ислам өркениетінің қайта өрлеуіне жол ашатындығын нақты мысалдармен жеткізді.

Қасым-Жомарт Кемелұлы дәстүрлі отбасы құндылықтарын табанды түрде орнықтыра берудің қажеттілігіне тоқталды. Ислам қағидаларын өрескел бұрмалап, қатып қалған догма ретінде қабылдайтын отбасылардағы әйелдерді кемсіту, тіпті қорлау фактілеріне ерекше назар аударған жөн. Мұндай отбасылардың тұрмыс-тіршілігі ғылым мен техниканың жетістіктеріне толы XXI ғасырдың өмір салтына мүлде үйлеспейтін сорақы тыйымдар мен тәртіптерге негізделген. Кейбір адамдар әдейі кері кетуді қалап, орта ғасырларға тән ескі таным-түсінік пен іс-әрекетке бой ұратын сияқты көрінеді.

Сонымен қатар Мемлекеттік нышандарымызды жаңғырту туралы пікірлер бар.

-Біздің Көк туымызда мін жоқ. Онда еліміздің бірегей болмысы нақты бейнеленген. Әнұранымыз да нағыз ұлттық рухты паш етеді. Қазақтың Әнұраны әлемнің әр түкпірінде шырқалып жүр. Жаңа жылды жақындарымыздың ортасында Әнұранмен қарсы алу жақсы дәстүрге айналды. Бір сөзбен айтсақ, Әнұранымыздың сөзі де, әуені де халықтың жүрегіне әбден орныққан,- деді Президент. -Ал Елтаңбамызға қатысты сыни пікірлер айтылып қалады. Оны Кеңес заманындағы Гербке ұқсатып жатады. Тым эклектикалық, күрделі дейді. Мұндай ойды ел ісіне бей-жай қарамайтын белсенді азаматтар ғана емес, мамандар да айтып жүр. Орынды пайымдар ескерусіз қалмауы керек. Ортақ келісімге келген жағдайда арнаулы комиссия құруға болады. Бұл комиссия мәселені жан-жақты қарастырып, қоғамдық талқылау өткізеді. Сосын Қазақстанның жаңа Елтаңбасының жобасын жасауға ашық байқау жарияланады.

Президент Жеңістің 80 жылдығына орай нақты ұсыныстарын ортаға салды.

- Мен былтыр Ұлттық құрылтайдың отырысында бірқатар ордендерді көрнекті тұлғаларымыздың атымен атау туралы айтқанымды білесіздер. Елімізде әскери және күштік құрылым қызметкерлеріне арналған «Айбын» ордені бар. Осы мәртебелі орденнің түрлі дәрежесін Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімімен атаған жөн деп санаймын,- деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Баяндамада нашақорлыққа, «вейптердің» таралуына, насыбай



атуға, лудоманияға (құмарпаздық), тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, буллингке, агрессияға тосқауыл қою, вандализмнің алдын алу, ысырапшылдыққа жол бермеу сияқты қоғамға қауіпті кеселдермен күресу кеңінен сараланды.

- Ұлттық құрылтайда біз мәдени-гуманитарлық саланың және идеологияның жаңа бағдарын айқындаймыз. Осының бәрі ұлттық бірегейлігімізді нығайту және елімізді қарқынды дамыту үшін өте маңызды. Дегенмен өзгерістердің басты мақсаты – халықтың тұрмыс сапасын жақсарту. Сондай-ақ әр азаматтың жан-жақты дамуына жағдай жасау,- деп алдағы міндеттерге тоқталған Мемлекет Басшысы үкіметке биыл ауқымды төрт инфрақұрылымдық бастаманы жүзеге асыруды тапсырғанын айтты. Ең алдымен, қазір жұмыс істеп тұрған 55 жылу орталығын толығымен жөндеу қажет. Ұзындығы кемінде 6,5 мың шақырым болатын инженерлік жүйені жаңғырту керек.

Баспана – жұрттың тұрмыс сапасын танытатын тағы бір маңызды көрсеткіш. Биыл 1 наурыздан бастап іске қосылған «Отау» ипоте-

цифрландыру ісінің нақты әрі көзге көрінетін нәтижесі.

Бюджет қаржысын үнемдеу, кәсіпкерлікті дамыту баяндаманың арқауына айналды.

-Бизнес өкілдері барлық салада белсенді болуы қажет. Мұқтаж жандарға қолынан келгенше көмек көрсетіп, әрдайым әлеуметтік жауапкершілік танытуы керек. Сонда ғана, шын мәнінде, жаңа ұлттық буржуазия қалыптасады деп айта аламыз. Дәл осындай ұлттық буржуазия өкілдері бәсекеге қабілетті экономика құруға және халқына қалтқысыз қызмет етуге қашанда дайын болады,- деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Президент іргелі құндылықтар қатарында – бірлік және ынтымақты, әділдік және жауапкершілікті, Заң және Тәртіпті, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілікті, жасампаздық пен жаңашылдықты атап көрсетті.

Қасым-Жомарт Кемелұлының «Әлемді шынымен өзгерткің келсе, өзгерісті қарапайым нәрседен баста деп бекер айтылмаған. Яғни, отбасында береке болуын ойла, жұмыс орныңды, үй-жайыңды, ауланды ретке келтір, қоғамдық орында әдеп сақта» деген сөзі баршамыздың көкейімізден шығады.

Расында да құқықтық мәдениеттің деңгейін аңғартатын айқын көрсеткіштің бірі –

азаматтарымыздың көлік жүргізу мәнері. Жол жүру ережесін жаппай бұзудың және жол үстіндегі дерекіліктің зардаптары аса ауыр болып тұр. Жыл сайын мыңдаған адам көлік апатынан қаза табады. Бұл – солардың жақын-жуықтары үшін ғана емес, тұтас еліміз үшін қайғылы жағдай.

-Мен облыстарға сапар кезінде жастардың көбі туған ауылынан сыртқа шығуға құлықсыз екенін байқаймын. Менің тапсырмаммен алдыңғы жылы батыс аймақтың жастары үшін 10 мың білім гранты бөлінді. Өкінішке қарай, сол гранттың көбі игерілмей қалды. Сондықтан грант санын еселеп қысқартуға тура келді. Яғни, жастарымыз қолда бар мүмкіндікті пайдаланбай отыр,- деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

-Өмір бойы бір жерде, бір ауылда отырған жастардың келешегі және көзқарасы қандай болады? Бұл сұрақтың жауабы – анық. Айтпаса да түсінікті. Шын мәнінде, бұған үлкендер де кінәлі. Көбінесе, ата-аналар баласын алысқа жібергісі келмейді. Соның кесірінен көптеген жастар еңбек нарығында бәсекеге қабілетсіз болып,

әлеуметтік жәрдемақыға қол жайып отыр. Бұл – масылдық деген сөз. Бала есейген соң қанаттанып, ұядан ұшуға тиіс. Басқа аймақтарда, тіпті, шетелде білім алуы қажет. Өзге жұрттың қалай өмір сүріп жатқанын көргені абзал. Сондай-ақ қай жерде өзіне және еліне пайдасы тисе, сол жерге барып еңбек етуі керек.

Президент баяндамасына арқау болған бұл мәселе баршамызды ойландыруы тиіс. Бүгінде солтүстік аймақтарда жұмыс күші жетіспейді. Ол жақта тегін білім алуға, жақсы жұмыс істеуге барлық мүмкіндік бар. Мемлекет беріп отырған осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану қажет.

- «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады. Балалар мен жастарды тәрбиелеп, олардың бойына осы озық құндылықтарды сіңіруге айрықша көңіл бөлінуі керек,- деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Құрылтайда Президент маңызды идеологиялық тұжырымдарымыз бен негізгі бағыттарымыз туралы тарқатып айтып берді. Бұл – Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық. Ұлтымыз осы идеялық негіздерді басшылыққа алса, болжаусыз және қарқынды дамып келе жатқан XXI ғасырда лайықты орнын табады. Құзырлы мемлекеттік органдардың бәрі өз жұмысын қайта қарап, осы тұғырнамаға үйлестіруі қажет. Атап айтқанда, Оқу-ағарту министрлігі мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін жаңартуға тиіс. Сонымен қатар жоғары оқу орындары мен колледждер студенттермен жүргізілетін жұмысқа осы құндылықтарды үйлестіре кіріктіруі керек. Аталған идеалдар Қарулы күштеріміздің әскери-патриоттық іс-шараларына да арқау болуы қажет.

-Біздің алдымызда үш айрық жол тұр: құлдырау, тоқырау немесе өрлеу. Біз әрдайым өрлеуді таңдаймыз. Әрине, өрге шығу оңай емес. Талай қиындық туындауы мүмкін. Соған қарамастан, тек алға ұмтылуымыз керек,- деген Мемлекет Басшысының сөзі қазақстандықтардың ұстанымына айналуды тиіс.

**Шын мәнінде, мұндай алқалы жиындарды аймақтарда өткізудің мән-маңызы зор екендігі айқын. Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысы келесі жылы Көкшетауда өтетін болды.**

**"Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі тәте жолы – ағартушылық. Қазір ірі кітап дүкендерінде қазақ тіліндегі туындылардың үлесі арта түсті. Соңғы кезде баспагерлердің жаңа буыны әлемдік бестселлерге айналған шығармаларды аударып жүр. Көптеген кітаптарды шығарып жатыр. Аударылған кітаптардың ішінде көркем әдебиет қана емес, іскерлік бағыттағы туындылар да көп. Мемлекеттік саясаттың мәні – осында".**

калық бағдарламасы ел ішінде үлкен сұранысқа ие болып отыр. Бұған қоса ауыл және аудан орталығының тұрғындарына арналған жаңа тұрғын үй бағдарламасын қолға алу керек. Бұл ретте әлеуметтік тұрғыда осал топтағы жандар үшін несие өсімі 7 пайыздан аспауы қажет.

Сонымен қатар жол салу және оны жөндеу жұмыстары, газ тартылған елді мекендердің санын барынша арттыру әңгіеге арқау болды.

Болашағы зор тағы бір бағыт – IT-технологиялар. Қазақстанда осы жылдың соңына дейін суперкомпьютер жасап, жаңа дата-орталықты іске қосу жоспарланған.

Теміржолдың өткізу мүмкіндігінің артуы, жанар-жағар майдың үнемделуі және компания табысының көбеюі –





## Өртке қарсы профилактикалық жұмыстар пысықталды

Қыстың қаһары қайтып, көктем айы да басталып келеді. Кең даламызда көк қаптап, орман-тоғайдың көркі жиде, жыңғыл, сыр талдары бүршік жарып, айнала табиғатқа көрік беруге асығатын мезгілде қоршаған ортаны өрттен қорғау әрбір азаматтың қасиетті парызы. Жыл сайын сәуір-қазан айлары аралығы өрт қауіпті маусым айлары болып саналады. Сондықтан "Жоңғар Алатауы" Мемлекеттік Ұлттық табиғи парк тарапынан наурыз айынан бастап өрт қауіпті маусымға дайындық жұмыстары жүйелі жүргізіледі.



Күннің жылып, құрғақ және ыстық ауа райына байланысты өрттің болу қауіптілігі неғұрлым жоғарылайды. Бұған тиісінше көптеген факторлар әсер етеді. Осыған орай Ұлттық паркпен ауа райының ысып кетуі салдарынан табиғат аясында демалушылардың отты абайсыз қолдануы және басқа да жағдайдың, өрттердің алдын-алу шаралары ұйымдастырады. Өткен жылға талдау жұмыстары қорытындысы көрсеткендей, жаз кезеңінде өрт қауіптілігі орын алу маусымында, құрғақшылық маусым болса, өрттердің болуы қатері өседі. Бұл біздің кез келген жағдайға дайын болуымызды көрсетеді. Жалпы, орманды, дала алқаптарда өрттердің себептері де әртүрлі: демалыс орнында қараусыз жағылған күйінде қалдырылған от шоғы, сөндірмей тастап кеткен темекі тұқылы, майланған, тез жанғыш заттарды және қоқысты қалдырып кету себептерінен туындайды.

Жуырда филиал басшысы Талғат Құсаиновтың ұйымдастыруымен өртке қарсы іс-шара өткізілді. Филиал қызметкерлері алдында Талғат Өмірәліұлы табиғи өрттің алдын алу және материалдық зардап шекпеу мақсатында өртке қарсы құралдарды тиімді пайдаланудың маңыздылығына жан-жақты тоқталып, олардың іс жүзінде жарамдылығын көзбен көрді. Парк аумағындағы тұмса табиғатты көз қарашығындай сақтау әрбір орманшының басты міндеті екендігі үнемі назарда болатындығы айтылып, өртке қарсы атқарылатын шаралар жиналғандар алдында тағы бір мәрте пысықталды.

Сарқан филиалының орманшылық бөлімшелерімен рация арқылы байланыс уақытылы атқарылады. Бұл өртті дер кезінде анықтауға, оған қарсы шараларды жедел қабылдауға әсер етеді. Қорыта айтқанда орасан зор шығын әкелетін орман өрттерінің алдын алуда профилактикалық жұмыстардың орны ерекше.

Анар КАИРБЕКОВА,

"Жоңғар Алатауы" МҰТП Сарқан филиалының байланыс диспетчері.

## ОРМАН ӨРТІНЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК

Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда көбінесе адамдардың өз кінәсінен болатыны анықталды. Сондықтан өрт қауіпсіздігі ережелерін үйрететін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері мен орманшылар ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс.

Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі – бірінші кезектегі мәселе. Орман шаруашылықтарының барлығында орманды өрттен қорғау жоспары болады. Жоспарда орманның түрі, ортаның рельефі, су жолының, теміржол, автомобиль жолдарының жақындығы ескеріледі. Орман шаруашылығын өрттен қорғаудың жоспары мен сызбасы жасалады. Жоспарда көлік жолдары, тұрғын үйлер, қардондар, езен, көлдер, орман шаруашылығының кеңселері, өрт бақылайтын мұнаралар, хабар қабылдайтын пункттер, өрт шығу қауіп бар нысандар белгіленеді. Сонымен бірге, оған өрт қауіпсіздігі құрылымының жоспарында орманды бақылау қызметін ұйымдастыру, өрт сөндіру-бақылау құрылғыларын салу, телефон байланысының жүйесін жаңартып тұру, радиобайланыс ұйымдастыру, ерікті өрт жасақшыларын дайындау және оларды көлікпен қамтамасыз ету т.б. қызметтер кіреді.

Орман және дала өрттерінің алдын алу, оны болдырмауға бағытталған үгіт-насихат жұмыстары аудан көлеміндегі мекемелерде лекциялар, баяндамалар, аудандағы ауылдық округтер мен шаруа қожалықтарға таратылатын ескерту хаттар жатады. Орманға барар жолдарда, демалатын жерлерде, орман жұмыстары жүріп жатқан жерлерде аншлап паннолар, хабарламалар арқылы өрттен сақтандырулар шаралары жасалуы қажет. Алайда осыларды орман-тоғайлы жерлер маңында демалушылар ескере бермейді. Өр тұрғын мұндай ескертулерге байыппен қараса, халық байлығы орманды тілсіз жау өрттен қорғауға, аман сақтауға ықпалдарын тигізетіні анық.

Орман өрттерінің болуының негізгі себептері мыналар: – сөндірілмеген шылым не сіріңке; – аңшылықтың салдары. Олар атқан оқтан бықсып шөп жанып тұтанады; – механизатор орманда өрт қауіпсіздігін сақтай бермейді. Тұтануға бейім майланған материалды тастап кетеді, техника қауіпсіздігін бұзады, көліктің жанында шылым шегеді және т.б.; – орман ішінде болған демалушылар, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөп, кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге от жағады; – орман қоры жерлеріне жақын жерлердегі егістің орнын өртейді; – күннің сәулесі мол түсетін жерлерге шынының сынығын тастап кетеді. Ал ол жандырғыш линза тәрізді күн сәулесінен қуат алып құрғақ шөптерді тұтандырады;

Орман өртін сөндіру оңай шаруа емес. Сондықтан оған жол бермеудің алғы шарттарын қатаң сақтау қажет.

Құрметті аудан тұрғындары, өрттің тілсіз жау екенін және өрт болған жерде көптеген шығындар келтіретіні бәрімізге де белгілі. Осыған орай көктем, күз мезгілдері өртке өте қолайлы уақыт. Орман-тоғайларда өрт орын алса оңайлықпен сөнбейді, айналасындағы бірнеше метр жерге дейінгі өсімдік ағаштарын, аң-құстардың ұяларын жояды. Сонымен қатар бау - бақша егу мақсатында егістік жерлерді дайындау кезінде өрт қауіпсіздігі шараларына онша мән бермей, шөп-шалаңды бей-берекет жағудың арты орман-тоғай өртіне айналып кетуі мүмкін.

**Сол себепті табиғат берген байлықты сақтап, орман қорын қорғап, өсімін молайтуға көпшілік болып атсалысуымыз керек. Орман-тоғай өрттері орын алған жағдайда 101, немесе 5-40-71, 2-12-01 телефонына хабарласыңыздар.**

А.ТУРЫСБЕКОВА,

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Сарқан филиалының экологиялық ағарту инженері.

## Пожарная безопасность в лесу

**Каждый из нас знает о том, что лес – это самое лучшее место для полноценного отдыха. Безусловно, лес манит своей красотой многочисленных отдыхающих, грибников, охотников и туристов, которые в большинстве своём – это ответственные люди.**

Однако согласно статистики более 90% ежегодных лесных пожаров происходят именно из-за человека. Причины этому – не затушенный костёр, брошенный окурки, неисправный глушитель транспортного средства, тлеющий патронный пых, неконтролируемый пал прошлогодней травы и многое другое. Отдельно нужно отметить то, что стать источником огня может забытая или разбитая в лесу стеклянная бутылка, которая начинает работать как линза под жаркими лучами летнего солнца.

Люди просто забывают о том, что управлять огнём не всегда просто, и став причиной пожара в лесу, он становится уже настоящим бедствием, так как будет уничтожать всех и всё, встречающееся ему на пути. Развившиеся лесные пожары приводят к сильнейшему задымлению больших участков, а гарь и едкий запах распространяется на многие десятки километров. Поэтому существует прямая необходимость в том, чтобы знать и соблюдать меры пожарной безопасности в лесу.

**На территории лесного массива ЗАПРЕЩАЕТСЯ:**

- разводить костры, использовать мангалы, другие приспособления для приготовления пищи;
- курить, бросать горящие спички, окурки, вытряхивать из курительных трубок горячую золу;
- применять при охоте пыхи из горю-

чих или тлеющих материалов, использовать пиротехнические изделия;

- оставлять в лесу промасленный или пропитанный бензином, керосином и иными горючими веществами обтирочный материал;

- заправлять топливом баки работающих двигателей внутреннего сгорания, выводить для работы технику с неисправной системой питания двигателя, а также курить или пользоваться открытым огнём вблизи машин, заправляемых топливом;

- оставлять на освещённой солнцем лесной поляне, бутылки, осколки стекла, другой мусор;

- выжигать траву, а также стерню на полях, граничащих с лесами.

Кроме этого, лица владеющие, пользующиеся и (или) распоряжающиеся территорией, прилегающей к лесу (покрытые лесной растительностью земли), обеспечивают их очистку от сухой травянистой растительности, пожнивных остатков, валежника, порубочных остатков, отходов производства и потребления и других горючих материалов на полосе шириной не менее 10 метров от границ территории и (или) леса либо отделяют противопожарной минерализованной полосой шириной не менее 1,4 метра или иным противопожарным барьером.

**Действия при обнаружении лесного пожара:**

При обнаружении возгорания в лесу или вблизи от него лесной подстилки, главная задача – не дать пожару набрать силу и распространиться. Для этого следует потушить огонь, тщательно осмотреть место горения и убедиться, что не осталось очагов горения.

В тех случаях, когда самостоятельно огонь потушить не удаётся, необходимо сообщить о пожаре в противопожарную службу по номеру телефона «101», «112», органы лесной охраны, в органы местного самоуправления или полицию.

При тушении загораний в лесу самым распространённым способом является захлестывание огня на кромке пожара. Для захлестывания используются зелёные ветви. Эффективно забрасывание кромки пожара грунтом, охлаждающим горящие материалы и лишающим их доступа воздуха.

Во время тушения необходимо соблюдать правила пожарной безопасности и твердо знать, что при верховых лесных пожарах, когда горят кроны деревьев, убежищем могут служить берега водоёмов, крупные поляны, лиственный лес без хвойного подроста. Не следует искать убежище на дорогах и просеках, окружённых хвойным лесом, особенно молодняком с низко опущенными кронами, а также в логах, поросших лесом.

Дисциплинированность в лесу, сознательное поведение и строгое соблюдение несложных правил пожарной безопасности будет гарантией сбережения лесов от пожаров.

**Осторожность и предупреждение возгорания – самый действенный способ борьбы с лесными пожарами.**

А. АКИБАСОВ,

государственный инспектор Тополевского лесничества Сарканский филиал РГУ «Жонгар Алатауский ГНПП».

## ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН-АЛУ МАҚСАТЫНДА

Мемлекетіміздегі құқық қорғау органдарының бірі – пробация қызметі. Пробация қызметінің негізгі мақсатына тоқталатын болсақ, сот органдарының заңды күшіне енген үкімі бойынша азаматтарды қоғамдық жұмысқа және түзеу жұмыстарына тарту, бас бостандығын шектеу, белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айырылған, шартты түрде сотталған, тағайындалған жазалары кейінге қалдырылып жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдердің мінез-құлқына бақылау жасау болып табылады.

Сондықтан Пробация қызметі мемлекеттің бірінші кезекті міндеті болып табылатын қылмыстың алдын алу бағытында қызмет етеді.

Сарқан аудандық Пробация қызметінің есебінде тұрған қоғамнан оқшаулаусыз сотталғандардың қайта қылмыс жасауының алдын-алу мақсатында Сарқан ПБ-нің ЖПҚ-нің учаскелік полиция қызметкерлерімен бірлесіп отырып түнгі уақыттарда сотталғандардың тұрғылықты мекен жайын тексеру жұмыстары жүргізілуде. Сотталғандармен жүргізілген жеке тәрбиелеу жұмыстары бірінші кезекте, оларды адамгершілікке, еңбекке, эстетикалық, психологиялық тәрбиелеу және де босатылғаннан кейін де өмірге тез бейімделіп кетулеріне бағыт беруді мақсат етеді.

М.ЕРКЕНОВ,

Алматы қаласы, Алматы облысы және Жетісу облыстары бойынша ҚАЗ Департаменті Сарқан аудандық ПҚБ-нің бастығы, әділет майоры.



# Мырзапейіл

Жомарт ИГИМАН.

Жөн-жобамен ұзатып сап  
қытымырлау қысыңды,  
Көктем жетті құшақ ашып  
мырзапейіл пішінді.  
Іздегенмен таппасымды  
мендік көңіл түсінді,  
Қарашада қош айтысып  
шығандаған құсымды.  
Дүниенің түрленгенін  
көріп мен де түледім,  
Жаным жүдеп жадау көктем  
шуақты аңсап жүр едім.  
Туған жермен біте қайнап  
тамырлансын жүрегің,  
Көргің келсе Жер-Ананың  
қан жүгірген реңін.  
Қуанышын пенде біткен  
ертеңінен күтеді,  
Білген жанға бақ пен сордың  
аралығы үш елі.  
Көктем келді ауламызға  
кеше ғана қыс еді,  
Естелік боп есімізге  
айшықты сәт түседі.

Сай-саламен сайран құрып  
біздің жаққа жеткен бе,  
Арықтарда асыр салып  
жүрген анау көктем бе,  
Көрдім тағы көзайым боп,  
өкініш жоқ өткенге,  
Наурызымның нұр пейілі  
өн-бойыма көшкен бе?!  
Нұр-шұғыла ерітетін  
Самарқанның көк тасын,  
Сарқаныма биыл ерте  
бұрған екен ат басын.  
Ағайындар ашып тастап  
көңілінің қақпасын,  
Қарсы алуда гүл көктемді  
мырзапейілі жаққасын.  
Өз Наурызбен бірге келер  
нұр-шуақты аңсадым,  
Ақтарылар аста төк боп  
құрт, ірімшік, талқаным.  
Гүлмен көмкер тау-қырымды,  
қасиеттім, арқалым,  
Уа, ассаламағалейкум,  
даладай кең дарханым!

Биыл қалың елмен қауышып жатқан  
Ұлу жылының наурызы құтты болсын!  
Наурыздың ерекшелігі де, артықша мән  
беруге тұрарлық жайы да оның күн мен  
түн теңелген сәтке сай келуінде  
деп білгеніміз жөн.

Ешкімнің ақыл, қай-  
ратымен емес, табиғат  
құбылысының заң-  
дылығымен теңдік  
табатын бұл күн  
жыл уақытында  
бір айналып келіп  
тұрады. Осыдан бы-  
лай қыстың қытымыр  
қиындығы әлсіреп,  
күннің қуаты артады. Жан-  
жануарлар, табиғат түрленіп,  
өлген тіріледі, өскін өнеді. Халқымыз  
табиғаттың осы теңдік, жасару, өсу, түлеу  
құбылысын өз өмірінің үлгісі ете білген.

Осыған орай Наурыз тойында тепе-  
теңдік - мерекенің негізгі арқауы, мәні  
болып есептелген. Ұлыс күні жараты-  
лысты құраушы күштердің табиғат пен  
қоғамның, ел мен елдің, қоғамдағы  
әлеуметтік топтардың, тіпті, адам мен  
адамның теңдігін тануды, мойындауды  
мұрат еткен. Мұның өзін халық даналығы  
деп түсінуге тиіспіз.

Екіншіден, халқымыздың табиғат  
тағылымынан алған даналығы Наурыз  
күнін жаңарудың, өсудің, түрленудің басы  
деп білуінде. Бұл кезде тоң жібіп, қар  
кетпесе де, оны нәп-нәзік қызғалдақ пен  
сарғалдақ, наурызгүл тесіп шығып, өзен-  
өлкемен, сай-саламен, жылға-жылғамен  
су жүреді. Көген басы төлге толып, ағаш  
бүрлейді. Табиғаттың осы ғажайып тама-  
ша құбылысына орай адам жаңаруды,



# дарханым

тазаруды, түрленуді мақсұт еткен.  
Үшіншіден, Наурыз күнін иман-  
дылықтың мерекесі деп түсінген.  
Сондықтан да "Қағбаның қара тасы",  
"Самарқанның көк тасы" жібіп, жер иіп,  
көк құт (өсімдік) көзін ашқан Наурыз күні  
"Алдыңа келсе, атаңның құны болса  
да кеш", "Жақсылыққа жақсылық - жай  
адамның ісі, жамандыққа жақсылық - ер  
адамның ісі", "Таспен атқанды аспен ат!"  
дейтін болған.

Төртіншіден, Наурыз-көктем мерекесі,  
еңбек тойы, ырыс пен молшылықтың  
бастауы деп есептелген. Мерекелеудің  
негізгі рәсімдерінің өзегі де, арқауы да  
ас ішіп, аяқ босатып, елтең-селтең ету  
емес. Бұл күні "Бұлақ көрсен - көзін аш"  
,"Бір тал кессен, Наурыз күні он тал ек"  
десіп, егілген шыбыққа, шыққан көкке ақ  
бүркіп, "Құтаю" рәсімін жасайтын болған.

Осы күннен бастап төл алу, егін салу,  
үй көтеру сияқты жалғаса беретін еңбек,  
тіршілік қамына береке-бірлікпен кірісу ісі  
басталатын болған. Ол 40 күндік еңбек

Мен отырмын Наурыз жырын  
жазып ап.

Жаңа жылда Қыдыр дарып,  
Бақ қарап,  
Жаңалықпен жүздесейік жадырап.  
Татуласып, құшақтасып, келісіп,  
Көп көжені қалың елмен бөле ішіп.  
Тәңір иіп, Ырыс, Дәулет, Құт қонып,  
Қуанышпен қауышайық көрісіп.  
Қазағыма бер, тәңірім, бал ғұмыр,  
Баянды бақ, бейбіт тірлік, мәңгі нұр.  
Жүзеге асын Наурыз-тілек бүгінгі,  
Таза пейіл, аппақ ниет, таңғы жыр!

Наурыз мерекесінің танымдық мәні  
мол. Жұмбақ сырлы өзіндік рәсімдері  
мен шарттары, талаптары да баршылық.  
Соның бірі Ұлыстың Ұлы күні дайын-  
далатын "Наурыз көже" ыстық асы.  
Оны дайындаудың белгілі бір ережесі  
(рецептісі) жоқ. Ол кемінде жеті түрлі  
дәм, тағамнан жасалуы тиіс деген талап  
пен түсінік бар.

"Наурыз көже" тойға келген жұртқа  
түрі, түсі, көлемі бірдей жеті ыдыспен та-  
ратылады.

Таным, түсінік, ұғымдармен  
салмақтағанда Наурыз көженің  
құрамына кіретін тағам  
түрлері қандай деген сау-  
ал ойға оралары анық.  
Үлкендеріміздің айту-  
ынша көженің құрамы  
төмендегі дәмнен  
тұрады. Олар: 1. Көк  
- су; 2. Қызыл - ет  
(соғымның басы, ар-  
найы сақталған мүше,  
сыбаға - сүр ет, арнайы  
сойылған малдың еті); 3. Жа-  
сыл - дән (түктелген, бөктірілген  
бидай, арпа, тары, күріш...); 4. Ақ  
- сүт (сүт, сүттен жасалған тағамдар -  
езілген құрт, қатық, айран); 5. Сары - май  
(сарымай, тоң май); 6. Қоңыр - талқан,  
ұн, кеспе...; 7. Қара - тұз болуға лайық.

Қашанда астың дәмді болмағы оның  
қатығына да, қайнатуына да байланы-  
сты екені бесенеден белгілі. Бір ескерте  
кетер жайт - Наурыз көженің құрамына  
енетін жеті түрлі тағамды әркім әрқалай  
айтып жүр. Бірақ солардың бәрінің негізі  
ортақ. Наурыз көжеге ерте бастан қам  
жасап, сол үшін қысқы соғымның жамба-  
сын, жаясын, қазы-қартасын сақтайтын  
болған. Кейде соғымның қыстайғы  
сүйектерін сақтап қойып, көже пісірген  
күні майлы жіліктерін шағып, көжеге  
қосып қайнатқан. Содан соң оған құрт  
немесе уыз қатқан. Шақшақ Жәнібек  
қайтыс болғанда қызының:

...Қазысы қарыс айғырды,  
Сүбесі сүйем қошқарды.

Ұлыс күні соймас па ем,  
Тамам сорлы тоймас па ең? - деп  
жоқтауына қарағанда Наурыз көжемен  
бірге дастарханға жылқының не қойдың  
(қошқардың) басы да тартылатын болған.

Қалай болғанда да өзінің  
құнарлығымен де, халқымыздың  
ғасырлар бойы қалыптасқан танымы,  
сенімі бойынша Жаңа жылдың алғашқы  
күнінің сәулесі түсіп, құты құйылып, нұры  
сіңген "Наурыз көжені" дайындап, көптің  
алғысына, елдің ризалығына бөленген  
адамның алар сауабы мол, тұшынар  
ләззатына баға беру қиын.

Әмсе, қазанымыз тоқ, қайғы-уайым  
жоқ, пейіліміз ақ болсын, ағайын!

Түсті ме екен таудан төмен сырғанап,  
Көктем-қызға әлем біткен тұр қарап,  
Жел сұқтанды сұлулыққа қайран қап,  
Жер бусанды лезде ширап,

жайрандап,  
Ақ бұлақтар жол тапты да жылғалап,  
Жүгіреді сай-саламен сайрандап.  
Бар тіршілік оянады той қамдап,  
Біз де, достар, желпінеміз

мейрамдап.

Ерекше ғой өз Наурыздың самалы,  
Жан-дүнием жасаңғырап барады,  
Нұр сіңді де болмысымыз жаңарды,  
Жүрегіміз шаң-тозаңнан тазарды.  
Күндей ашық Жер-Ананың қабағы,  
Желпінеді жиып тастап алаңды.  
Ұмытты да ақпандағы боранды,  
Тал-теректер бойын түзеп таранды.  
Күні ертең бұталарға бүр шығып,  
Жанданады, жасанады тіршілік.  
Қызу тірлік басталады қырларда,  
Ұмтылады үлкен-кіші күнде алға,  
Бақытынан бас тартар кім іркіліп,  
Өмір өзі жолын ашып тұрғанда.  
Мақсат, мұрат қолжетімді қуғанға,  
Арман, өне, қол бұлғайды шыңдарда.  
Шұғылалы Күн келеді Шығыстан,  
Қызуынан қытымыр қыс ығысқан.  
Қараңызшы бүгін атқан таң қандай,  
Қанаттарын қызыл нұрға малғандай,  
Белгі беріп құр қалма деп ырыстан,  
Сүйіншілеп әлемге жар салғандай.  
Жыл келеді, қалай тұрам толғанбай,  
Жаратқанның құдыретіне таңданбай.  
Жыл келеді, ертіп алып шуақты,  
Мәңгі тоңды жібітетін сияқты.  
Өкпең болса, ол да мұздай ерісін,  
Алтын көпір-ынтымақ пен келісім,  
Орнасыншы ортамызда тұрақты.  
Жаңа жылда кеңі бергей өрісім,  
Құтты болсын, келген жылым, ел  
үшін!

## Наурызнама онкүндігі

- 14 наурыз күні – Көрісу күні - Амал мерекесі
- 15 наурыз – Қайырымдылық күні
- 16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні
- 17 наурыз – Шаңырақ күні
- 18 наурыз – Ұлттық киім күні
- 19 наурыз – Жаңару күні
- 20 наурыз – Ұлттық спорт күні
- 21 наурыз – Ынтымақ күні
- 22 наурыз – Жыл басы
- 23 наурыз – Тазару күні

мерекесіне ұласқан.  
Бесіншіден, Наурыз мерекесі  
мейірімділік, қайырымдылық мейрамы  
деп есептелген. Наурыз найзағай, дау-  
ыл, зілзала апатына ұшыраған ауыл,  
үйді көп болып қатарға қосатын болған.  
Ауру-сырқау, мүгедектіктен күйзелген  
жандарға мал-мүлікпен жәрдемдескен.  
Көктем – қыз кеп жалт-жұлт еткен  
жанары,  
Қызыл-жасыл дүние жайнап барады.  
Жаным түлеп жаңғырады жасарып,  
Жаңа күнді көрдім, Наурызнаманы.  
Жаңбыр жауып, тамшы билеп  
түнімен,  
Жер бусанды, сөйлеп Көктем тілімен.  
Боз шашымды бозала таң тарады,  
Оянып ем Наурызектің үнімен.  
Туған жерге қайтқан құстың  
сазы ұнап,



**БАС ТАРТУ -  
ҚҰРМЕТ**

Ертеде Сараман мен Қараман деген екі дос өмір сүріпті. Бірде Сараман досына ренжіп қалады. Бірақ онысын тамырына айтпайды.

Бір күні Қараман атқосшысын ертіп, оған қонаққа келеді. Сараман досын құшақ жая қарсы алады. Іштегі назын бетіне шығармайды. Досы да құшағын тосады. Сараман досына арнап үлкен қошқарын сойып, батысын алады. Ет пісірім уақыт болды дегенде алдына бас тартады. Қараса, қойдың тістері қағылмаған екен. Досы оны байқамайды. Етін жеп, қымыз ішіп, арқа-жарқа болып, үйіне қайтады.

Жолай атқосшысы:

- Мырза, досыңыз бас тартқанда қойдың тісін қақпай әкелді. Сізге бір реніші бар екен, - дейді.

Бай шошып кетіп:

- Қалайша? Реніші болса, бас тартып сыйламас еді, - деп жауап береді.

Атқосшы:

- Марқұм, әкем айтушы еді. Қазақ біреуге ренжісе, бетінен алмаған. Өзгенің көңіліне қаяу, жүрегіне қылау салармын деп қақтық еткен. Назын тұспалмен, ыммен білдіреді. Мұсылмандықта біреудің көңілін қалдырған - мың Қағбаны бұзғанмен бірдей екен. Сондықтан, дәуде болса, досыңыз сізге ренішін білдірді. Қонақ есті болса, бұл сырды өзі-ақ түсінер деген, - дейді.

Бай аттың басын кері бұрып, досынан көшірім сұрап, ат-шапан айыбын төлепті. Осыдан бастап қой басын пісіргенде оның тісін қағып әкелу адал достық пен таза көңілдің белгісі боп саналыпты.

Бастың тісін қақпай әкелу өкпеназды білдіретіні туралы Зейнеп Ахметова "Бабалар аманаты" кітабында мынадай үзінді келтіреді.

"Қонақтар кеткен соң жаңалап шай жасап, енді өзіміз дастарқан басына отырдық. Байқаймын атаңның (Бауыржан Момышұлы) қабағы салыңқы. Бір кезде:

- Дастарқаның толымды, астарың дәмді болды. Әсіресе "ұмытылған тамақ қой мыналар" деп әсіп пен сүт құйған өкпе оларға өте ұнады. Бірақ соның бәрін сен жіберген төрт қателік жуып кетті. Қонақтар оны байқады-байқамады дей алмаймын. Ал мен анық көрдім, - дегенде дымым ішіме түсіп, көзім қарауытып кетті. Бүріскенім соншалық: құрттай тесікке сыйып-ақ кетер едім.

- Ол не, папа? - деп Бәкең әкесіне қарады. Бірақ ата маған қарап, маған арнап сөйледі:

- Біріншіден - ісі дұрыс қазақтың әйелі қонаққа бас көтеріп кірмейді. Жаман-жақсы болсын басиең аман. Екінші қателігің - басты шүйде жағымен әкелгенің. Қой шүйдесі емес, тұмсығын алға беріп жүреді. Үшінші қателігің - қойдың тісін қақпай әкелгенің.

Бұл - ең алдымен, тазалық.

Қой тісінің түбінде не жатқанын қайдан білесің?! Шөп жейтін, жем жейтін мал ғой. Содан кейін мұның екінші мағынасы бар. Қазір ұмытылған, көнекөздер болмаса, көпшілік біле бермейтін жағын да айтайын. Қазақтар - талай нәрсені ым, тұспал, ишара арқылы білдірген текті халық. Соның бірі осы қағылмаған тіске байланысты. Сыйласып жүрген екі адамның біреуі әлденеге ренжіп, бірақ соны "сөз көбейер" деп айта алмай жүрсе, өзі ренжіп жүрген адамы үйіне келгенде етпен бірге алдына тісі қағылмаған басты қояды. Сонда бас ұстаған адам "ә-ә, мынаның ішінде маған деген бір қыжылы бар екен, тісін басып жүріпті-ау" деп ұға қояды. Ары қарай реніштің түйінін шешіп, түсінуге бет түзейді. Ал төртінші қателігің - басты қасқаламай әкелгенің. Талайлар мұның мәнін ұқпайды. Ол - "төрт құбылаң тең болсын - маңдайың ашық болсын" деген ізгі тілек.

(З.Ахметова, "Бабалар аманаты", Алматы, Санат, 2012 ж).

☞ **Мерейлі отбасы**

**Фибраты мол шаңырақ**

**Ауданның абыз ақсақалы Болат Рахметқалиевты Сарқанда танымайтын адам жоққа тән. Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылық институтының инженер-механикалық факультетін 1959 жылы тәмамдаған ол бірқатар шаруашылықтарда бас инженер болып, Сарқан аудандық «КазСельхозтехника» бірлестігін басқарған. Аудандық тұтынушылар қоғамы автокөлік базасының директоры болған. Кеңестік кезеңде де, Тәуелсіздік жылдары да марапаттан кенде болған жоқ. Мерекелік медальдармен қатар «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Ұзақ жылғы жемісті жетістігі лайықты бағаланып, «Сарқан ауданының Құрметті азаматы» атанған.**



вход да, МТС-те зеру болатын. Жоғары білімді инженер-механик болу ауыл балалары үшін арман,-деп өңгімесін бастайды Болат ақсақал. -Бірінші әйелім Сайпиева Гүлсім өте мейірімді, қайырымды жан еді. Ама! не, үш баладан кейін қан қысымынан қайтыс болды.

Ауыр қайғыны қара нардай азамат көтере білді. Марқұмның жылдығы өткен соң үлкен кісілердің қалауымен 1968

жолдас болатындай адамды тапқанымды сезіндім. Тағдырымыз артқан жүкті бірге көтерістік. Ол үйге келгенде ұлым Әлім Тұрсынханды бірден бас салып, қасынан шықпай қойды,-дейді ақсақал өткенін ойға оралтып.

Тұрсынхан Нұрбатырқызы Сарқандағы Абай атындағы мектеп-гимназияда математика пәнінің мұғалімі болып, ұзақ жыл еңбек етіп, зейнет демалысына шықты. Мамандығын сүйіп атқарған ұлағатты ұстаз отбасы тәрбиесіне айрықша мән берді. Үш ұлдың соңынан төрт бала ерді. Үлкен ұлдары Кәрім орман шаруашылығында қызмет етті. Ғалым аудандағы табысты кәсіпкерлер қатарында. Өкінішке орай үшінші ұл Әлім политехникалық институттың геодезия факультетінде оқып жүріп қайтыс болды. Әділ Қазақ сәулет-құрылыс академиясын бітірген жоғары білімді маман. Әлия ауыл шаруашылығы институтының, Әсия кооперативтік техникумның түлегі. Мейрамгүл Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін бітірген. Барлығы да үйлі-жайлы. Немере-шөберелері бас қосқанда атасы мен апасы олардың аттарынан жаңылысып жатады.

Сөз соңында абыз ақсақалдың газет оқырмандарына жолдаған жаңажылдық батасын ұсынамыз:

Бастарыңызға бас қосылсын,  
Жастарыңызға жас қосылсын.  
Жанымызға жан қосылсын,  
Малымызға мал қосылсын.  
Жылымыз қызырлы болсын,  
Мерекеміз дүбірлі болсын.  
Жылқымыз үйірлі болсын,  
Сиярымыз бүйірлі болсын.  
Қойларымыз қоралы болсын,  
Көлдеріміз қоғалы болсын.  
Ұрпағымыз бағалы болсын,  
Мәртебелері жоғары болсын.  
Өрісіміз көкті болсын,  
Ұлдарымыз отты болсын.  
Қыздарымыз текті болсын,  
Беделді, бетті болсын!  
Әумин!

**Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.**



Тоқсанға тақап қалған ғұмырында ұл-қыздарынан өрбіген немерелерінен шөбере, шөпшек сүйіп, өмірден жинаған тәжірибесін кейінгі буынмен бөлісіп, алқалы басқосуларда шынайы ақ батасын ақтарып жүретін бұл кісінің өткені өнегелі болса, бүгінгі берекелі.

- Тіршілікте адам екі нәрседен қателеспеуі керек екен. Бірінші - мамандық таңдаудан, екінші - жар таңдаудан. Осы екеуінен де қателігім жоқ сияқты. Мамандығым инженер-механик. Сол кезде бұл мамандыққа колхоз да, со-

жылы Алматыдан пединституттың физматын бітірген Барлыбаева Тұрсынхан деген қызбен танысып, өмір жолын бірге жалғастыруға серттеседі.

-Әке-шешесінің тәрбиесін көрген, алдында өпке, артында сіңлілері, бауырлары бар үлкен семьяда өскен Тұрсынхан біз іздеп жүрген адам болып шықты. Алғаш көргеннен-ақ айтпай білетін, шақырмай келетін, ақылға көнетін, Аллаға сенетін, соңымнан еретін, үлкен отауға келін бола алатын, балаларыма жақсы ана болатындай, маған өмірлік



**Наурыз - бата**

Ұлыс күні кәрі-жас,  
Құшақтасып көріскен.  
Жаңа ағытқан қозыдай,  
Жамырасып өбіскен.  
Шалдар бата беріскен,  
Сақтай көр деп терістен.  
Ұлыс оң болсын,  
Ақ мол болсын,  
Қайда барса жол болсын!  
Ұлыс бақты болсын,  
Төрт түлік ақты болсын!  
Ұлыс береке берсін,  
Бәле-жала жерге енсін!

**Оразада айтылар жарапазан**

Ассалаумағалейкум, сәлем бердік!  
Айына оразаның аман келдік.  
Алды деп мазаныңды сөге көрме,  
Пайғамбар жолын қуған адам едік.  
Беу, Мұхаммед үмбеті айтқан

жарапазан,  
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан.

Оразада айтылар жарапазан,  
Мекке мен Мединадан шығар азан.  
Мәңгілік игілікке бөленерсің,  
Ораза-намазыңды үзбей барсаң,  
Беу, Мұхаммед үмбеті айтқан

жарапазан,  
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан.

Айтамын жарапазан есігіңе,  
Қошқардайын ұл берсін бесігіңе.  
Ұл берсе қошқардайын бесігіңе,  
Таусылмас байлық берсін несібіңе.  
Беу, Мұхаммед үмбеті айтқан

жарапазан,  
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан.

Айтайын жарапазан есігіңе,  
Ханшадайын қыз берсін бесігіңе.  
Ақ тілек оразада қабыл болса,  
Құт-береке құйылар несібіңе.  
Беу, Мұхаммед үмбеті айтқан

жарапазан,  
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан!!!





Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша Наурыздың 22-сі күн мен түннің теңесу кезіне келеді.

Жалпы Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады.

Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс - салтында бағзы замандардан орын алған.

Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады, әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз-жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын

# Армысың, нұр көктем!



туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тең көтеру, т.б.) ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады.

Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңдерінде (1920 – 25жж.) шығыс халықтары бұл мерекені атап өткенімен, 1926 жылы ол «діни мейрам», «ескілік сарқыншағы» деп танылып тоқтатылды, бірақ Қазақстанның бар аумақтарында жасырын түрде сақталып қалды. 1988 жылдан Алматы қаласында, республиканың көптеген

аудандарында Наурыз жалпыхалықтық мейрам ретінде қайта тойлана бастады. Наурыздың 22 күні Наурыз мейрамы (жаңа жыл) екенін қазақ баласының көбі біледі. Наурыз туралы көптен бері, жыл сайын газеттерде жазылып келеді. Бұл мейрам бүкіл ұлтқа ортақ. Тегінде Наурыз ұлт мейрамы болғандығының үстіне оның тарихи маңызының

тереңдігі бар. Ызғарлы қыстың кетіп, жан иесі өмір қуатын туғызған жыл, жаздың келетіндігіне барлық жаратылыспен қатар қазақ елі де қуанатын. «Қыс бойы өлімнің есігін күзетіп, үңгірде жатқан көрі құйрық, мертлік-шортықтар да қыбырлап дүниеде бар екендіктерін білгізе бастайтын, аурулар сауығамын деп, аттар тойынамын деп, жалаңаштар киімсіз де күн көремін» дегендей жұрттың бәріне үміт, әркім де жылы шырай сезіне бастап, «бәріміз де табиғаттың бергеніне ортақпыз» дегендей сағынышты көрісулері, жалынды құшақтасуларымен жаңа жылды қарсы алатын. «Бүгінгі күні Самарқанның көк

тасы да жібіпті», - десіп Наурыз күні пейілін кеңітпеген адамды тастан да қатты қылып шығарғысы келіп, аңыз қылысатын.

Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алудан — тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын. Қызықшылық онан әрмен халық ойындарымен («Айқыш-ұйқыш», «Ақ серек пен көк серек», «Алқа қотан» т.б.), ән салып, би билеумен, ақындар айтысымен, «Қызғалдақ» мерекесімен, қазақша күреспен, ат жарысымен жалғасып кете беретін де, түнге қарай «алтыбақан» айналасындағы тамашамен аяқталатын.

Наурыздан кейінгі 2-ші күні жұрт жаппай көктемгі егіске кірісетін. Малшы қауым да төл алуға қатысты іс-қаракетімен айналысатын. Наурызды кейінге қалдыра тұратын ауылдардың өзінде де мейрамнан кейінгі 2-ші күні жаппай егіске кірісетін.

Наурыз мейрамы жаңа жыл екенін қазақ баласының көбі біледі. Бұл мейрам бүкіл ұлтқа ортақ.

**М.КАРИБЖАН,**  
Сарқан ауданының тарихы музейінің меңгерушісі.



Жүздеген жылдар бойы қазақ ұлтымен бірге жасасып, ұлттымыздың салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпының ажырамас бөлігіне айналған өз Наурыз мерекесінің орны айрықша. Наурыз мерекесі күні - қасиетті күн. Данышпан ата-бабаларымыз бұл күнді табиғаттың айрықша белгілерін ескере отырып белгілеген. Оны дүниежүзі ғалымдары да мойындап отыр. Наурыз айын ерекше қасиеті бар ай ретінде бағалаған. Наурыз - Күн мен түн теңелетін күн, төрт түлік мал төлдейтін ай. Осы айда табиғаттағы барлық тіршілік иелеріне жан біте бастайды. Сол себептен де болар табиғаттың тылсымы мен ғалам ғажайыптарын терең ұғына білген ата-бабаларымыз бұл күнді Жыл басы деп есептеген. Наурызды шығыс халықтары бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде атап өтеді. Бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмаған. Осы күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған. Наурызды халқымыздың асыға күтетіні осы себептен болса керек. Халқымыз наурызда даланы Қызыр ата аралайды деп үйінің есігін ашып отырған. Жастар үлкен кісілерден бата сұрайды, жігіттер қыздарға сый-сияпат жасайды. Ренжісіп қалған азаматтар бір-бірінен кешірім сұрайды. Риясыз ізгі ниетке толы, ақ тілектер ақтарылатын қандай ғажайып мереке!

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» атты сұхбатында «Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін» деп өз наурыздың көпұлтты елімізді береке мен бірлікке үндейтін рухани күшін орынды атап өтті. Биыл наурыз мерекесі өзгеше қалыпта, айрықша көңіл-күймен аталып өтілмек. Өз Наурыз мерекесінің мәні мен мазмұнын байыта түсу үшін Наурызнама бекітіліп, арнайы онкүндік аясында бірқатар іс-шаралар жүзеге аспақ. Атап айтқанда 14 наурыз күні бойы Көрісу күні – амал мерекесі атап өтілсе, одан кейін ретімен қайырымдылық, мәдениет және ұлттық салт-дәстүр, шаңырақ, ұлттық киім, жаңару, ұлттық спорт, ынтымақ, тазару күндері барысында ұлттық құндылықтарымызды, береке мен бірлікті, достықты дәріптейтін көптеген шаралар жалғасын таппақ. Осылайша Наурыздың айрықша төлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдары жаңа форматта насихатталмақ. Бұның барлығы әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегеге, бауырмалдыққа, көргенділікке, ізгілік пен білімділікке баурайды. Қалай десек те бұл халқымыздың ерекше қуанышпен қарсы алған жағымды жаңалықтарының бірі болды. Өйткені наурыз мерекесінің орны қазақ халқы үшін маңызды. Ендеше дәстүрлі мейрам алдағы уақыттарда да халқымызбен мәңгі бірге жасасып, біте қайнаса бермек.

**Замзагуль ЖАКАЕВА,**

Абай атындағы мектеп - гимназияның мектепалды даярлық сынып мұғалімі.

## Танымдарын тереңдетіп қайтты

Ұлы композитор, КСРО Халық әртісі, Мұқан Төлебаевтың 111 жыл толуына орай М.Төлебаев ауылдық мәдениет үйі қызметкерлері және ауылдық кітапханашы және оқушылары Лепсі ауылы Мұқан ТӨЛЕБАЕВ мемориалды музейіне саяхаттап барып қайттық.



Мақсат музей залдарындағы жәдігерлер мен материалдар арқылы мәдениеттің құндықтарын сақтайтын және насихаттайтын мекеме ретінде танысу. Егемен еліміздің ертеңі болатын ұрпаққа елжандылық тәрбие беру және өнерді құрметтеуге, адамгершілік пен мейірімділікке баулу. Мемориалды музейдің экскурсоводы Асия Жұмабек балалармен өткенге саяхат жасап, Мұқан Төлебаевтың өміріне қатысты көптеген экспонаттармен және атамның өмірінен мәлімет беретін деректермен таныстырды.

Музейде М.Төлебаев пен жұбайының портреті, кітаптары, мандолина, шіңкілдек, баспа машинкасы сынды құнды заттар оқушылардың назарына ұсынылды. М.Төлебаев атамның біз үшін баға жетпес құнды саналатын, өзі пайдаланып ұстаған заттары да ерекше әсер қалдырды. Оқушылар таңданыспен қызыға тамашалап, көптеген сұрақтар қойып, өз ойларымен, естеліктермен бөлісті.

**А. БИМОЛДАНОВА,**  
М.Төлебаев ауылдық мәдениет үйі қызметкері.

### Аяулы анашым

Анашым аяулы адам сен едің,  
Серігі болған біздердің.  
Түн ұйқысын төрт бөліп,  
Қамқоршым менің анашым.

### Жаратқанға мың алғыс!

Алғыс айту күнімен,  
Құттықтаймын сіздерді.  
Жаратқанға мың алғыс,  
Аман еткен біздерді.

### Наурыз айы

Наурыз айы – жыл басы,  
Тұнып тұрған береке.  
Ай туғанда жылда осы,  
Біздің елде мереке.



**АДИНА САБИТ,**  
Ақын Сара атындағы орта мектебінің 3 «Б» сынып оқушысы.







**ФОНД  
МЕДИЦИНСКОГО  
СТРАХОВАНИЯ**

**- Расскажите в целом о системе медстрахования и для чего она нужна?**

Система ОСМС построена на принципах социальной ориентированности и солидарности. И для каждого человека, имеющего статус «Застрахован» в системе обеспечена медицинская помощь без необходимости платить за каждое посещение врача или лечение из собственного кармана. Кроме того, система обязательного социального медицинского страхования способствует более эффективному использованию ресурсов здравоохранения и повышению качества предоставляемых услуг. Гражданин автоматически становится застрахованным, если за него вносятся взносы. Таким образом, за минимальную сумму страховых взносов он получает доступ ко всему пакету медицинским услуг, дорогостоящим в том числе. Фонд в свою очередь заключает договора с поставщиками медуслуг, которые соответствуют определенным требованиям и строго контролирует качество медицинской помощи.

**- Почему ОСМС не является накопительной системой? Одна из частых претензий заключается в том, что кто-то ходит в поликлиники раз в год, а отчисления делает регулярно. Люди возмущены, что их деньги идут на лечение других.**

Система ОСМС является солидарной, а не накопительной. Не имеет значения, обращался ли конкретный человек за медицинской помощью, так как здесь не предусмотрены персональные счета с накоплениями взносов. Казахстанскую модель построили как социально ориентированную, чтобы не ограничивать пациента в объеме и стоимости получаемого лечения, которое ему требуется по состоянию здоровья. Рассмотрим на примере. Накопительная система невыгодна самим пациентам. Так, при оплате самостоятельным плательщиком по 4 250 тенге в месяц за год накопится 51 тыс. тенге. Данных средств недостаточно даже для прохождения обследования. А при максимально возможном взносе в 17 тыс. тенге в месяц за год накопится 204 тыс. тенге. Эта сумма не покроет даже простую операцию при необходимости. Накопленных средств не хватит, чтобы покрыть стоимость лечения. Такой подход будет невыгоден самому пациенту.

**- Какие медицинские услуги относятся к ОСМС, а какие нет?**

Граждане, регулярно оплачивающие взносы на ОСМС и имеющие статус «Застрахован», могут получать широкий перечень медицинских услуг, не оплачивая их дополнительно. В перечень обязательного социального медицинского страхования входят диагностика и лечение заболеваний, профилактические медицинские осмотры, прием и консультации профильными специалистами по направлению

**Почему ОСМС не является накопительной системой? Почему в поликлиниках пациентам отказывают, ссылаясь на отсутствие договора соисполнения, либо на исчерпанный лимит? Нужно ли оплачивать задолженность по взносам на ОСМС за пропущенный период? На эти и другие актуальные вопросы ответил заместитель директора филиала Фонда по области Жетісу Ганиет Салимгали.**

## Об ОСМС простыми словами

врачей ПМСП, динамическое наблюдение профильными специалистами лиц с хроническими заболеваниями и многое другое. Также вне зависимости от статуса «застрахован» каждый может получить медицинскую помощь в экстренных случаях в рамках пакета гарантированного объема бесплатной медицинской помощи.

**- Расскажите о стоматологической помощи в рамках ОСМС?**

Стоматологическая помощь в пакете ОСМС на сегодня предоставляется, но только отдельным категориям граждан. Плановую могут получить дети до 18 лет и беременные женщины, о чем, кстати, тоже многие не знают. Экстренная доступна 10 категориям граждан, в числе которых также есть дети и беременные, лиц с инвалидностью 1, 2, 3 групп; получатели адресной социальной помощи; пенсионеры по возрасту; пациенты с инфекционными, социально-значимыми заболеваниями и представляющими опасность для окружающих; неработающие лица, осуществляющие уход за ребенком-инвалидом и уход за инвалидом первой группы с детства, а также многодетные матери, награжденным подвесками «Алтын алқа», «Күміс алқа».

**- В поликлиниках пациентам отказывают, ссылаясь на отсутствие договора соисполнения либо на то, что исчерпан месячный лимит, который им ставит фонд. Насколько это правомерно?**

Если все процедуры проведены правильно, то таких ситуаций быть не должно. Договор с субъектом здравоохранения заключен с учетом анализа прошлых лет и прогнозами по росту численности населения, заболеваемости, а главное – темпа исполнения. Как правило, сумма договора каждый год выше.

В рамках общей суммы заключенного договора предусмотрено ежемесячное распределение объемов. Это необходимо для того, чтобы медорганизация могла планомерно оказывать медицинские услуги, осваивать годовой объем и дисциплинированно подходить к этому. К сожалению, мы сталкивались с фактами, когда некоторые недобросовестные поставщики за несколько месяцев чудесным образом исполняли годовой объем и даже перевыполняли его, а затем требовали оплатить эти расходы сверх договора, что неправомерно.

А поскольку филиал Фонда, прежде чем произвести оплату за оказанные услуги, проводит мониторинг качества и объемов медицинской помощи, то при анализе мы выявили неподтвержденные случаи оказания медуслуг (приписки). За такие факты фонд снимает 300% стоимости приписанной услуги. К примеру, за 2023 год экспертами филиала фонда выявлены неподтвержденные случаи оказания медицинской помощи/услуг, так называемые «Приписки» (фактически не оказанные услуги) в количе-

стве более 3 498 дефектов, на сумму более 29 млн.тенге. То есть отсутствие финансовой дисциплины и добросовестности у некоторых поставщиков медицинской помощи, а также должного менеджмента приводит к таким последствиям.

**- Если гражданин долгое время не оплачивал ОСМС в виду отсутствия дохода, и начал оплачивать, нужно ли ему возполнить сумму взноса за период, который он не оплачивал?**

В 2022 году были изменения в Законе об ОСМС, которые предусматривают оплату взносов на 12 месяцев вперед. Да, раньше, чтобы приобрести статус самостоятельным плательщиком необходимо было оплачивать задолженность за прошедший период. Но сейчас это не является обязательством. Человек может оплатить 12 месяцев вперед начиная с текущего месяца и быть застрахованным на год вперед. При этом важно отметить, что при потере дохода человек должен официально встать на учет в качестве безработного в центр занятости и за него взносы будет оплачивать государство. В таком случае он не потеряет статус.

**- Минимальная сумма взноса ОСМС и сколько в процентах удерживается с зарплаты?**

Каждый год ставки по взносам и отчислениям на ОСМС остаются прежними. Но из-за утверждения нового размера минимальной заработной платы, которая является базовым расчетным показателем, конечные суммы корректируются. Таким образом в 2024 году работодатели производят отчисления за работника в размере 3% от заработной платы, при этом облагаемый ежемесячный доход не должен превышать 10 МЗП, то есть максимально возможная сумма отчислений работодателя составит 25 500 тенге в месяц. Эти средства не удерживаются из зарплаты работника, их работодатель оплачивает за счет предприятия. А от зарплаты работника удерживается 2% для взноса за ОСМС. Также и работники, оказывающие услуги на основе договора ГПХ, делают взносы на ОСМС в размере 2% ежемесячного дохода. Объект обложения не должен превышать 10 МЗП в месяц со всех рабочих мест, то есть максимально возможный взнос работника составит 17 000 тенге. Индивидуальные предприниматели оплачивают взносы за ОСМС 5% от 1,4-кратного МЗП. В 2024 году это 5 950 тенге. А для самостоятельных плательщиков размер взносов исчисляется по формуле: 5% \* 1 МЗП, то есть 4 250 тенге.

**- Есть ли положительные/отрицательные результаты в медицине на сегодняшний день, после внедрения ОСМС?**

В отечественном здравоохранении на протяжении многих лет складывался дефицит финансирования. Из-за этого росли карманные расходы

населения, то есть граждане вынуждены были получать медуслуги за свой счет. Для решения этой проблемы было решено внедрить систему ОСМС, которая позволила увеличить финансирование медпомощи. Если до ОСМС финансирование отечественного здравоохранения составляло 1 трлн тенге, то в 2024 году план закупок составляет уже 2,8 трлн тенге. Как видно, результаты есть даже по итогам 4 лет – рост почти в 3 раза. Это сказалось на расширении перечня доступных медуслуг, дополнительные финансовые средства направлены на решение вопросов, ранее испытывавших дефицит финансирования. К примеру, объем финансирования высокотехнологичных медуслуг, таких как кардионейрохирургия, ЭКО, трансплантология увеличен в 3,5 раза, медреабилитации и консультативно-диагностической помощи в 12,5 раза. Доступнее стали также магнитно-резонансная томография, дорогостоящие высокотехнологичные операции. Однако все еще имеют место вопросы доступности и качества оказываемой медицинской помощи. В этой части необходима работа со стороны всех участников сферы здравоохранения, в том числе управлений здравоохранения, которые отвечают за организацию медицинской помощи в регионе, за обеспеченность кадрами и оборудованием. Есть нарекания и к самим медицинским организациям, которые должны наладить менеджмент у себя внутри – укомплектовать штат, пересматривать график работы врачей, вести работу по сокращению очередей. Есть много поликлиник, где сумели перестроить процессы, снизить нагрузку на участки и профильных врачей, приняли меры по оптимизации процессов.

**- Какие вы видите существующие проблемы в медицине на сегодняшний день?**

Оценивать саму медицину Фонд все-таки не может, так как является финансовым оператором системы здравоохранения. В рамках своей компетенции мы можем отметить финансовые стороны вопроса.

Одной из важных тем на повестке дня является кредиторская задолженность медицинских организаций. Как отметил в ходе расширенной коллегии Министерства здравоохранения глава Фонда Абылкаир Скаков, за 2023 год она выросла по стране на 4% и составила 82,3 млрд тенге, но количественно сократилась на 20%, поскольку 83 медорганизации вышли из списка должников.

Если говорить по нашему региону, наблюдается снижение задолженности на 26% в сравнении с прошлым годом. 96% государственных, 4% частные. 54% должников это стационары.

При этом парадоксально, что многие организации имеют прибыль, но при этом растет и кредиторская задолженность. Анализ также показал, что у стационаров с одинаковыми коечным фондом и штатной численностью могут быть кардинально разные ситуации с кредиторской задолженностью. То есть возникают вопросы как к качеству финансовой отчетности медорганизаций, так и к достоверности кредиторской задолженности. В этой связи Фондом были озвучены предложения по повышению прозрачности финансово-хозяйственной деятельности медицинских поставщиков, а также инициированию внешнего государственного аудита касательно обоснованности кредиторской задолженности и достоверности финансовой отчетности.

**- Спасибо за интервью!**



# Наурыз - Жаңа өмірдің бастауы

Наурыз-ұлыстың ұлы күні. Қазақтың қуанышпен қарсы алып, үмітпен күтетін Жаңа жылы. Халқымыз үшін аса маңызды мерекелердің бірі. Ұлттық киімімізді киіп, дастарханды жайып, салт-дәстүрімізді жаңғыртып, мерекені ұлықтайтын ерекше күн. Бұрыннан келе жатқан көне, әрі қасиетті мереке. Халқымыз үшін бұл мереке көктемгі жаңарудың, махаббаттың, құнарлылық пен достықтың символы болып табылады. Мерекедегі басты мәзір



- Наурыз көжені өзірлеп, бауырсақ, шелпегін пісіріп, қонақ күту әр отбасында жалғасып келеді. Осы жылы Наурыз мерекесі алдыңғы жылдардан да ерекше аталып өтпек. Наурыздың 10 күні арнайы, мақсатты бағыттарға белгіленді. 14 наурызда-Көрісу күні-Амал мерекесі тойланады. Бұл күні адамдар бір-бірімен амандасып, өкпе-реніш ұмытылатын ерекше күн. Көрісу күнін бір-біріне деген жылулық сыйлайтын күн деп көреміз. 15 наурыз - Қайырымдылық күні. Бұл күн ел бойынша қайырымдылыққа, мейірім мен тату көршілікке арналады. Жаңа жылды жақсы іспен бастауға мүмкіндік беретін, сауап жинайтын күн деп санаймын. 16 наурыз - Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Ол күні қазақтың мәдениеті, өнері мен ұлттық құндылықтары кеңінен насихатталады. Бұл күнде ұлттық құндылығымызды еске түсіруге, тереңірек білуге, оны дамытуға сәті түсетін күн деп түсіндім. 17 наурыз - Шаңырақ күні. Осы күні отбасылық құндылықтарымызды дәріптеуге, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген үлгілі отбасыларға арналған мәдени іс-шаралар өтеді. Бұл күні отбасымызбен уақыт өткізіп, жылы сәттерді толтыруға мүмкіндік туады. Отбасы құндылығын арттыруға мүмкіндік береді. 18 наурыз - Ұлттық киім күні. Қазақтың ұлттық киімдерін насихаттауға арналған түрлі іс-шараларды өткізу ұсынылып отыр. Бұл күнде ұлттық киімімізді киіп, оның маңыздылығын көрсетіп, сұлулыққа сұлулық қосып, көркемдікке көркемдік беріп, мақтанатын күн. 19 наурыз - Жаңару күні. Осы күні көктемгі ағаш егу дәстүрін жалғастыру ұсынылды. Табиғатымызға көңіл бөліп, айналамызды жаңа ағаштарға толтырып, ауаны тазартатын күн деп түсіндім. 20 наурыз - Ұлттық спорт күні. Бұл күні елдің барлық аймақтарында ұлттық спорттан түрлі жарыстар ұйымдастырылады. Ұлттық спортты дамытып, пайдалы уақыт өткізуге, дене шыңғыртуға, ұлттық спортты ұлықтайтын күн болады деп ойлаймын. 21 наурыз - Ынтымақ күні. Бұл күннің идеясы - жалпы халық бір-біріне деген сый-құрметтерін арттырып, татулық пен бірлікті насихаттау болып табылады. 22 наурыз - Жыл басы. Еліміздің барлық өңірлерінде жалпыхалықтық мәдени-спорттық іс-шаралар өткізіліп, стильді этноауылдар мен түрлі жәрмеңкелер ұйымдастырылады. Бұл күні Наурыз мерекесі тойланып, үлкен алаңдарда концерт өткізіліп, қазақ халқы Жаңа жылды қарсы алып, тойлататын күн болмақ. 23 наурыз - Тазару күні деп жарияланды. Бұл күні Қазақстанның барлық аймақтарында жалпыұлттық экологиялық акция өтеді. Айналамызды жинауға, жаңартуға, тазалауға мүмкіндік туады. Тазару-рухани тазаруға да жол бастайды деп сенемін. Жаңа жылды тазарумен бастаймыз.

Осылайша биылғы Наурыз қызықты өтпекші. 10 күн бойы бұл бағдарламаны орындау біздің мақсатымыз. Әр күніне белсенді қатысып, өз үлесімізді пайдалы істерге қосамыз деп сенемін. Наурыз - ең алдымен жақсылық пен татулықтың мерекесі. Бұл көктем мерекесі, табиғаттың жаңаруы, жаңа жылдың, жаңа өмірдің басы. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құтты болсын! Ұлыс оң, ақ мол болсын!

**Арайлым АБАЙҚЫЗЫ,**

**№1 мектеп-гимназияның 10 сынып оқушысы.**

# Әз Наурыз тағылым



## Шет елдерде діни білім алу мәселелері

**Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген уақытта біздің алдымызға қойылған негізгі талаптардың бірі - білікті кадрлар мен озық үлгідегі түрлі сала мамандарын даярлау мәселесі тұрды. Мұның ішінде дін саласы да бар. Қазір әлемнің кез келген жерінде білім алып жүрген қазақстандықтарды кездестіруге болады. 2001 жылға дейін елімізде дінтану мамандығы бойынша жүйелі оқыту моделі болмағандықтан елімізден діни білім алуға көптеген азаматтар шетел асқаны мәлім.**

Қазірде Түркия, Мысыр, Пәкістан және тағы басқа мемлекеттерден жастарымыз діни білім алып келуде. Сондықтан шетелге діни білім алуға кеткен әрбір азамат потенциалды қауіптің көзіне айналып үлгерді. Өзге елге дін үйренемін деп кетіп, сол елдің тұрғылықты діни танымын, діни тәжірибесін, діни санасын өзімен қоса алып келіп жатады. Бұл дегеніміз, олар шетелдерде алған діни танымы арқылы сол елдердің ұлттық мәдени құндылықтарын, діни тәжірибесін, яғни басқа мәдениеттің тарихи жүріп өткен жолы мен дүниетанымдық қабатын өздерімен бірге алып келеді. Қазақтың рухани дүниетанымы негізінде қалыптаспаған қабаттар адамның діни санасын діни фанатизмге әкеліп соқтырады. Әсіресе араб мемлекеттерінде білім алған жастардың танымына қарасаңыз, олардың қазақтың рухани тарихынан, мәдениетінен бейхабар болып, мемлекет пен дін арақатынасы, зайырлылық пен дін, қазақ халқының діни тәжірибесін білмейтіндігі байқалады.

Елдің ішінде діни санасы қалыптасқан азамат кейін қайда барса да өз ұстанымында қала алады. Егер ешқандай

діни білімі жоқ азамат сыртқа шықса, экстремизм, радикализм сынды діннің шектен шығуына алып барады. Саудияның діни ұстанымы қаталдау, Мысырдың өзінде де радикализм проблемалары бар. Адамның діни фундаменти дұрыс қалыптаспаған болса, ол кез келген уақытта жат ағымға еріп кетеді.

Сондай-ақ біраз уақыт бұрын ҚР АжҚДМ Дін істері комитеті мен ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, діни білім алу үшін ұсынылатын шетелдік теологиялық жоғары оқу орындарының тізімін жасақтады. Бұл тізімге Мысыр, Түркия, Ресей және Өзбекстан елдерінің теологиялық 9 жоғары оқу орны енді. Олардың қатарында «Әл-Азхар» университеті, Стамбул университеті, Мәрмара университеті, Анкара университеті, «Селжүк» университеті, «Хасеки» институты, Нажмеддин Эрбакан атындағы университет (Түркия), Ресей ислам университеті (Қазан қаласы), Мәскеу ислам университеті және Ташкент ислам университеті бар. Яғни шетелдерде діни білім алғысы келетін азаматтар ҚМДБ жолдамасы арқылы аталған оқу орындарында білім ала алады. Егерде құзырлы орган тарапынан рұқсат берілмесе, ешқандай шетелдегі діни оқу орнына түсе алмайды.

Бүгінгі әлеуметтік жағдайда елімізде белгілі бір идеологиялық білім ретінде дінге деген қажеттілік бар. Сол себептен Қазақстан қоғамының түрлі этностық, конфессиялық сипатын ескере отыра, соған қоса ұлттық діни мұраны сақтап қалатындай қазіргі зайырлы қоғамға, заман талабына сай дінтану пәнін оқыту, дінтанушы мамандар аса қажет және бұл тақырып қашанда өзекті болып қала бермек.

**Д. КАИПОВ,**  
**аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы.**

## ЕСКЕ АЛУ



Кезінде Талдықорған облыстық «Октябрь Туы» газетінде, Бөрлітөбе аудандық «Балқаш өңірі» газетінде қызмет атқарған белгілі журналист, сатирик **Төлеухан Аязбаевтың** тірлік сапары шектелгеніне наурыздың 29-ында 40 күн толады.

Жетісу өңірінен шыққан от тілді, орақ ауызды санаулы сатириктер сапында жазғандары жамиятқа таралғанда Төкең отыздың ауылына енді ғана енген болатын. Облыстық газеттің «Тұрлымбеттің жебесі» атанған сын-сықақ бұрышының тотияйын тілді фельетонисі, ақиқаттың адвокаты сынды айтулы «Араның» авторы болғаны айналдасына аян. «Тамашаның» дүрілдеп тұрған шағында

«Моншадан хат» скетчі тарланбоз Тоқсынның атынан дүйім жұртқа таралған болатын.

Соңында қалған «Мен айтты деменіздер» атты өзіл-сықақ жинағының, «Ақыл тіс» деген балаларға арналған кітабының, «Деген екен» деп айшықталған өзіл-оспақтарының оқырмандары аз емес.

Отбасында да бақытқа бөленді, Күләш апамыз екеуі мағыналы ғұмыр сүріп, ұл-қыздарынан немере, шөбере, шөпшек сүйді.

Жақсы аға, қарымды қаламгер Төлеухан Төлепбергенұлының есімі біздің жүрегімізде.

**«Сарқан» газетінің ұжымы.**

## Хабарландыру

**Серебряков Абдрахим Темиргалиевичтің** атына тіркелген Қойлық ауылдық округінде орналасқан 489,4000 га көлемді жердің № 1143017, кадастрлық нөмірі 03-263-019-206 тұрақты жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.